«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы.

# *«Сақ болыңдар балалар!»*

**(ашық сабақ)**



**Орындаған:**
**Тәрбиеші: Искакова.Ж.М.**

**2021жыл.**

# Сақ болындар балалар!

## 1.Тақырыпты таныстыру:





-Жолда жүру ережелері туралы таныстырып өтейін балалар, жол ережесі туралы түсінік беріп кететін болсақ, ең алдымен балалар сіздердің жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметінмен таныстырып өтейін.
-Балалар мынау не?
-Бұл бағдаршам.
-Балалар, бағдаршам дегеніміз не?
-Бағдаршам дегеніміз үш түрлі жарықпен белгі беру арқылы көшедегі жол қозғалысын реттеуге арналған құрылғы екен.
Мысалы:

1) Қызыл түс жанғанда-тоқта
2) Сары түс жанғанда-сақтан
3) Жасыл түс жанғанда жүре бер-дегенді білдіреді екен.

-Балалар бағдаршам жөнінде тақпақта бар:

Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.

-Жолдан өткенде біз балалар ақ жолақтар арқылы, яғни, жаяу жүргінші жүретін жол арқылы өтуіміз қажет.

**2.Сергіту сәту (шаттық шеңбер құрамыз)**



Қол ұстасып қане біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру
Қандай жақсы дос болу.

-дей отырып бой сергітіп алайық балалар.

Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Бой сергітіп алайық.

Қызыл-тұрамыз.
Сары-шапалақ.
Жасыл-жүреміз.



Машина бип,бип дейді,
Жолдан былай кет дейді.
Күшікті басуға,
Болмайды машина.

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Су құйғанда өседі.

-Жарайсыңдар балалар!

-Қане, орнымызға отырайық балалар.

**3.Ойын ойнаймыз!**



«Жер, су, ауа» ойыны балалар. Ортаға үш баланы алып шығып жер, су, ауа ойынын ойнадық.

Жер- машина болып жүреміз.

Ауа- кеме болып жүземіз.

Су- ұшақ болып ұшамыз.

Ойын өте жақсы өтті,

-Жарайсыңдар балалар!

-Ендігі келесі ойынымыз жұмбақ жасыру балалар.

Көзін ашып –жұмады,
Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам)

Арқаным бар тым ұзын,
Ала алмайсың бір үзім. (Жол)



Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өміріңді күзеткен,
Іскерлігі күшті адам. (Жол полейциі қызметкері)

Құстан аумайды,
Көкке ұшады. (Ұшақ)

-Жұмбақтың шешімдерін балалар жақсы тапты.
-Жарайсыңдар балалар!



